

ХАТТАМА №4

ПРОТОКОЛ №4

« 19 » 02 2026 ж.

« 19 » 02 2026 г.

Академиялық кеңес отырысы

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Жилбаев Ж.О.

Хатшы - Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
Есентуреева Г.Д.

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Шақырылғандар: қатысу парағы бойынша (тізім қоса беріліп отыр)

Кіріспе

Академиялық кеңес төрағасы, Ж.О.Жилбаев: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын.

КҮН ТӘРТІБІ:

4.1 4-курс білім алушыларының кәсіптік практикасының ұйымдастырылуы туралы

Спикер: «Talant» апгрейд орталығының басшысы Коразбекова Карлығаш Усипханқызы

4.2 Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы

Спикер: Ә.Дербісәлі атындағы ғылыми кітапхананың басшысы Шамбулова Халида Камбарбековна

4.3 2025-2026 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы

Спикер: Академиялық ұтқырлық бөлімінің басшысы м.а. Сейдуалиева Жазира Аширбековна

4.4. Әр түрлі мәселелер.

4.4.1 Университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес ББ пәндеріне ЖАОК түсіру туралы

Спикер: Академиялық кеңес төрағасы Жилбаев Жанбол Октябрович

4.4.2 Білім беру бағдарламаларын дайындауға арналған 2026 жылғы әдістемелік нұсқаулықты бекітуге ұсыну жайлы

Спикер: Академиялық кеңес төрағасы Жилбаев Жанбол Октябрович

4.4.3 Университет профессор-оқытушыларының баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

Спикер: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы Есентуреева Гүльмира Джумановна

4.1 4-курс білім алушыларының кәсіптік практикасының ұйымдастырылуы туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Кәсіптік практика тапсырмаларын конструктивті үйлесімділік қағидаты негізінде критерий арқылы бағалауды күшейту.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

Мерзімі: академиялық кезең барысында.

- Кәсіптік практика барысына жүйелі бақылауды күшейту, практика базаларымен кері байланысты тұрақты ұйымдастыру.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері.

Мерзімі: академиялық кезең барысында.

- Практикаға себепсіз қатыспаған білім алушылар бойынша тиісті шаралар қабылдау және факультет деңгейінде талдау жүргізу.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері.

Мерзімі: 1 ай ішінде.

4.2 Білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Барлық білім беру бағдарламаларының жыл сайынғы оқу-әдістемелік құралдармен қамтуы 3%-ға жаңартылсын (**Жауапты кафедра меңгерушілері**)

- Кафедралар оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету карталарын өзектендіру жұмыстарын тұрақты жүргізілсін.

4.3 2025-2026 оқу жылының Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық жұмыстарының барысы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Интернационалдандыру департаментінің 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
- Білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысу белсенділігін арттыру кафедра меңгерушілеріне тапсырылсын.
- Халықаралық серіктестік байланыстарды кеңейту және қос дипломды білім беру бағдарламаларын дамыту жұмыстары жалғастырылсын.
- Ағылшын тілінде білім беретін профессор-оқытушылар құрамының үлесін арттыру бойынша нақты іс-шаралар жоспары әзірленсін.
- Қаулының орындалуын бақылау Интернационалдандыру департаментіне жүктелсін.

4.4. Әр түрлі мәселелер.

4.4.1 Университеттің стратегиялық жоспарына сәйкес ББ пәндеріне ЖАОК түсіру туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- **2026 жылғы 01 сәуірге дейін** барлық кафедралар ББ-на сәйкес ЖАОК әзірлеу жұмыстары жандандырылсын. (Жауапты кафедра меңгерушілері).

4.4.2 Білім беру бағдарламаларын дайындауға арналған 2026 жылғы әдістемелік нұсқаулықты бекітуге ұсыну жайлы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Д.Т.Бердалиев, С.К.Аширбаева, Р.И.Кадирбаеваның дайындаған әдістемелік нұсқаулығы бекітілсін.

4.4.3 Университет профессор-оқытушыларының баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ғылыми кеңеске:

1. «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының т.ғ.к., доцент С.Д.Мамраймовтың дайындаған «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты оқу құралы;
2. «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы А.Н.Нуртаев, А.К.Демеуов, Е.Б.Сапарбаевтың дайындаған «Жеңіл атлетика оқыту әдістемесі» атты оқу құралы;
3. «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы А.Н.Нуртаев, А.К.Демеуов, Г.Н. Алтаеваның дайындаған «Волейболды оқыту әдістемесі» атты электронды оқу құралы;
4. «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы А.Н.Нуртаев, А.К.Демеуов, Е.Б.Сапарбаевтың дайындаған «Баскетболды оқыту әдістемесі» атты электронды оқу құралы;
5. «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушылары А.Н. Нуртаев, А.К. Демеуов, Г.Н. Алтаеваның дайындаған «Қозғалыс және ұлттық ойындар оқыту әдістемесі» атты оқу құралы;

6. «Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының п.ғ.к., профессоры М.Т.Темірханов, магистр оқытушы А.О. Каратаевтың дайындаған «Дене тәрбиесі» атты оқу құралы;
7. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі» кафедрасының магистр, аға оқытушысы Ж.Ш. Есмаханованың дайындаған «Адам мен дене шынықтыру жаттығуларының функционалды анатомиясы» пәні бойынша оқу құралы;
8. «Математика» кафедрасының аға оқытушысы Д.А.Сапаковтың дайындаған «Дифференциалдық теңдеулер және оны оқудағы компьютерлік есептеу» атты оқу-әдістемелік құралы;
9. Химия кафедрасының профессоры С.Қ.Тұртабаев және 2-курс магистранттары А.Н.Қадыр, Л.А.Қорғанның «Жоғары оқу орнында химияны оқытудың өзекті аспектілері» атты оқу құралы Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

Баспаға:

1. «Химия» кафедрасының х.ғ.к., профессор м.а. Б.Б.Шағраева, Н.Т.Шертаеваның дайындаған «Органикалық химия» және «Химиялық кинетика негіздері» атты электронды оқулықтары;
2. Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының ф.ғ.д., доцент В.Д.Нарожная (жауапты редактор), ф.ғ.к, доцент М.И.Кадеева, ф.ғ.к., доцент Э.А.Орынбетованың дайындаған «Полилингвальное и поликультурное образование как залог конкурентоспособности будущих специалистов» атты студенттік ғылыми жұмыстар жинағы;
3. «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» кафедрасының ф.ғ.к., аға оқытушы Г.Т.Танабаеваның «Қазіргі мектепке дейінгі балалардың ойындары мен ойын әрекеттері» атты оқу құралы;
4. «Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру» кафедрасының меңгерушісі философия докторы (PhD) Н.Б.Шегенбаевтың дайындаған «Гимнастикамен шұғылдану әдістемесі» атты оқу құралы;
5. «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті Г.Б.Маханованың «Мифология и мировая литература (Античность-начало XXI века)» атты оқулығы;
6. Физика кафедрасының PhD, аға оқытушысы Э.К.Кожабекованың «Интеграциялық есептер жинағы» атты электронды оқу құралы баспаға ұсынылсын.

Бейнедәрістер және онлайн курс:

1. «Биология» кафедрасының б.ғ.к., доцент Э.Б.Жаппарбергенованың «Биотехнология» пәні бойынша дайындаған онлайн курсы;
2. Физика кафедрасының PhD, аға оқытушысы Э.К.Кожабекованың «Физиканы оқыту әдістемесі» пәні бойынша әзірленген «Master Physics Teaching Methodology» онлайн курсы (<https://readdy.cc/preview/d2465969-f577-4c81-b743-86fe022fa659/6518164>) университет сайтына жүктелсін.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева